

Бекітемін
«Ақмола облысы білім
басқармасының Есіл ауданы бойынша
білім бөлімі Ақсай жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ
директоры



М.А. Кажетова

Келісілген
«Ақмола облысы білім
басқармасының Есіл ауданы
бойынша білім бөлімі» ММ
жетекшісі



Н.Р. Полюх

2023-2024 оқу жылына
«Ақмола облысы білім басқармасының
Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Ақсай ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы
оқыту орыс тіліндегі (3жастан 5 жасқа дейінгі) «Бөбек»
шағын-орталығы
жұмысының оқыту жоспары

2023-2024 оқу жылына
«Ақмола облысы білім басқармасының
Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Ақсай ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
жанындағы 3 жастан 5 жасқа дейінгі «Бөбек» шағын-орталығы
жұмысының оқыту жоспарына
Оқыту орыс тілінде
Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
жұмысының оқу жоспары
«Солнышко» аралас жас тобы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Жас топтары			
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)	мектепалды даярлық тобы (5 жастағы балалар)	
				Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы өткізу жиілігі
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет.	аптасына үш рет		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын	күн сайын		2 сағат
	Көркем әдебиет				2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті			күн сайын	
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері				3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет			күн сайын	
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті			күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті			күн сайын	
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын		1 сағат
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын		
	Жапсыру	күн сайын	күн сайын		
	Құрастыру	күн сайын	күн сайын		
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті			күн сайын	
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын	күн сайын		
9	Барлығы				20 сағат

13/2

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени- әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

***** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Мәк

2023 -2024 оқу жылына арналған «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Ақсай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ қарасты «Бөбек» шағын орталығының жұмыс оқу жоспарына түсіндірме жазба

2023-2024 оқу жылына арналған «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Ақсай ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары мынадай нормативтік-құқықтық құжаттардың негізінде әзірленді:

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамалары;
3. "Педагог мәртебесі туралы" заң;
4. "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" ҚР Заңы;
5. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 03.08.2022 ж. № 348 бұйрығына (өзгерту енгізілген ҚР Білім Министрінің 2022.09.23 № 406 бұйрығымен);
6. "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012.12.12 № 557 бұйрығы (09.09.2022 ж. № 394 өзгерістерімен және толықтыруларымен);
7. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 12.08.2016 ж. № 499 бұйрығы (14.10.2022 ж. № 422 өзгерістермен);
8. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 06.04.2020 ж. № 130 "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттар тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" бұйрығы (17.03.2023 ж. № 68 өзгерістермен). және шағын орталықта білім беру процесін, ұйымдастырудың ерекшелігін көрсетеді.

Жұмыс оқу жоспарының құрылымы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының құрылымына сәйкес келеді.

Оқу жұмыс жоспарында келесі жас топтары бойынша ұйымдастырылған қызмет қарастырылған:

- ортаңғы топ - 3 жастағы балалар
- ересек топ - 4 жастағы балалар
- мектепалды топ - 5 жастағы балалар

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хаттың негізгі ережелері пайдаланылады.

Балаларды мектепке дейінгі даярлаудың негізгі мақсаты оның мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде әрбір баланың әлеуетін тұтас дамыту және ашу; тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғау, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту; тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркемдік-эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін дамыту; Ана тіліне, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Нөмірленген (пронумеровано), тігілген
(прошнуровано)

Және мөрмен бекітілген (скреплено
печатью)

_____ беттер (листов)

Мектеп директоры  Кадырбаева М.А.

Директор _____

